

## **2020 жылға Шалқар ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 289 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 желтоқсанда № 6508 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7) тармақшасына, 27 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген бұйрығына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2020 жылға Шалқар ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Шалқар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауданы әкімі*

*Б. Каниев*

Шалқар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 289 қаулысына қосымша

**2020 жылға Шалқар ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота**

№ р/н	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (Жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Қамкор локомотив" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Шалқар локомотив жөндеу депосы" филиалы	388	0,3	1
2	"Қазақстан Теміржолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "Ірілендірілген Шалқар жол дистанциясы" филиалы	520	0,2	1
3	"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "Шалқар сигнализация және байланыс дистанциясы" филиалы	305	0,3	1
4	"Қамкор вагон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің "Шалқар вагон жөндеу депосы" филиалы	181	0,6	1
5	"Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шалқар аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	535	0,2	1
6	"Шалқар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	150	0,7	1
7	"Шалқар аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ұлы Борсық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	187	0,5	1